

## «Elevate Your Sound. Empowered by Visa» науқанын өткізу ережелері

### 1. Жалпы қағидалар

- 1.1. Осы Қағидалармен "Elevate Your Sound. Empowered by Visa" (бұдан әрі – Қағидалар) "Elevate Your Sound" (бұдан әрі – Науқан) науқанын өткізу тәртібі мен шарттары айқындалады. Оған қоса жеңімпазды анықтау, жүлдені тапсыру тәртібін де белгілейді. Бірақ шектемейді.
- 1.2. Науқан лотерея немесе құмар ойын емес және оны кез келген құмар ойыны ретінде орындауға немесе пайдалануға болмайды.
- 1.3. Науқан "Виза Интернешнл Сервис Ассошиэйшн" бірге өткізіледі. Мекеме мекенжайы: Бульвар Метро Центр 900, Фостер Сити, Калифорния, АҚШ (бұдан әрі - Серіктестер).
- 1.4. Науқанды Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Шукшин көшесі, 33 үй, 1 пәтер мекенжайы бойынша орналасқан "7 Rivers Ltd" ЖШС, БСН 071240003591, (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) ұйымдастырады.

### 2. Қағидалар мәтінінде қолданылатын терминдердің анықтамасы

- 2.1. Қатысуға өтінім беру Қағидалардың 4.2-тармағында көрсетілген әрекеттер.
- 2.2. Жеке басты куәландыратын құжат - жеке куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 2.3. Науқанға қатысушы – 18 (он сегіз) жасқа толған, ҚР азаматтығы бар, осы Қағидалардың 4.2-тармақта белгіленген шарттарға сәйкес келетін жеке тұлға.
- 2.4. Жеңімпаз - осы Қағидаларда көрсетілген тәртіппен финалдық іс-шараға келушілердің дауыс беру қорытындылары бойынша ең көп дауыс жинаған науқанға қатысушы.
- 2.5. Қазылар алқасы - ұйымдастырушы осы Қағидаларда көрсетілген тәртіппен науқан жеңімпазын бағалауды, іріктеуді және анықтауды жүргізуге уәкілеттік берген тұлғалар.

### 3. Науқан өткізу мерзімдері

- 3.1. Науқан өткізу мерзімі: 19.01.2024 жылы Астана уақыты бойынша сағат 12:00-ден 18.05.2024 жылға дейін Астана уақыты бойынша сағат 21:00-ге дейін.
- 3.2. Акцияны өткізу мерзімдері мен кезеңдері:
  - Өтінімдерді қабылдау: 19.01.2024 - 31.01.2024 қоса алғанда.
  - Модерация және финалистерді таңдау: 01.02.2024 - 07.02.2024 жыл
  - Финалистер анонсы: 07.02.2024 жыл
  - Жеңімпаз анонсы: 18.05.2024 жыл
  - Финалистер сыйлық ретінде Pioneer диджейлік құлаққаптарын және 2024 жылғы 10 ақпанда, 3 наурызда, 30 наурызда, 13 сәуірде, 4 мамырда, 18 мамырда Алматы қаласында өтетін "Elevation" іс-шараларында өнер көрсету мүмкіндігін алады.
  - Жеңімпаз Pioneer XDJ-RX3 контроллерін және 2024 жылдың 31 мамырда өтетін Cosmic picnic фестивалінде өнер көрсету құқығын алады.
- 3.3. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Науқанды өткізу мерзімдерін, жүлде қорын және шарттарын толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған тәсілмен бұл туралы хабардар ете отырып, науқанды өткізуді кейінге қалдыруға немесе тоқтата тұруға, өткізбей қоюға құқылы. Елеулі өзгерістер туралы ақпарат [www.visa.com.kz](http://www.visa.com.kz) веб-сайтында жарияланады.

#### **4. Науқанға қатысу шарттары**

- 4.1. Науқан Қазақстан Республикасы аумағында өткізіледі.
- 4.2. Науқан 3.2-тармақта көрсетілген өткізу кезеңінде қатысушылар оған келесі шарттарды орындай отырып қатыса алады:
  - Instagram платформасындағы @cosmicpicnic парақшасындағы сілтеме бойынша өтіп, "Elevate Your sound Empowered by Visa" байқауына қатысушы сауалнамасын толтыру;
  - Instagram платформасында @visakz\_official және @cosmicpicnic парақшаларына жазылу;
  - Музыканы жазуға және өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламаларды пайдаланбай, 30-дан 60 минутқа дейін жететін "жанды" диджей миксін жазу;
  - Дайын миксті MP3 форматындағы файл ретінде жүктеу керек, файл өлшемі 100 мб-тан аспауы тиіс;
  - Микс жазу барысы таспаланған бейнені Instagram платформасында өз парақшаңызға жазба немесе Reels түрінде жариялау;
  - @visakz\_official және @cosmicpicnic парақшаларын белгілеу;
  - #elevateyoursound хэштегін көрсету;
  - Бейнені жариялау кезінде парақша ашық болуы керек, сонымен қатар Науқан аяқталғанға дейін парақша ашық қалуы тиіс.
- 4.3. Науқан шарттарына сәйкес келмейді:
  - 4.2-тармақшада көрсетілген Науқанға қатысу шарттарын орындамаған тұлға;
  - Осы Қағидалардың 3.2-тармағында көрсетілген мерзімдерден кейін жіберілген өтінімдер;
  - Науқанды өткізу басталған кезде 18 жасқа толмаған адам;
  - Бұрыннан бар шығармаларға кавер әндер;
  - Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ адам;
  - Ұйымдастырушының немесе Серіктестердің қызметкері;
  - Ұйымдастырушымен және/немесе Серіктестерімен ерекше қатынастардағы тұлға, оның ішінде Ұйымдастырушының және/немесе серіктестердің үлестес тұлғасы.
- 4.4. Науқанды өткізу қорытындысы бойынша Қазылар алқасының мүшелері дауыс беру арқылы 2024 жылғы 7 ақпанда Науқанның 5 (бес) Финалисті анықталады.
- 4.5. Науқанды өткізу қорытындысы бойынша Elevation финалдық іс-шарасына келушілердің дауыс беруі арқылы 2024 жылғы 18 мамырда Акцияның Жеңімпазы анықталады.

#### **5. Науқанның Финалистері мен Жеңімпазын анықтау тәртібі**

- 5.1. Науқан Финалистерінің жариялау күні: 2024 жылы, 7 ақпанда Instagram платформасында @visakz\_official және @cosmicpicnic парақшасында.
- 5.2. Науқан Жеңімпазы жарияланатын күн: Instagram платформасындағы @visakz\_official парақшасында 2024 жылғы 20 мамырда.
- 5.3. Қазылар алқасының құрамын Ұйымдастырушы жинақтайды, олардың ең аз саны – 5 (бес).
- 5.4. Жеңімпаз жарияланғаннан кейін Науқанды Ұйымдастырушы келесі әрекеттерді анықтау үшін Жеңімпазбен байланысады.
- 5.5. Науқанды Ұйымдастырушы, егер Науқан Жеңімпазы Алматы қаласының тұрғыны болмаған жағдайда, Elevation іс-шарасы өтетін күні және Науқан Финалистінің 2024 жылғы 18 мамырда "Elevation" финалдық іс-шарадан өту уақытында Алматы

қаласында болуы үшін Финалистінің тұруына және тамақтануына байланысты Финалистің шығыстарын мойына алады.

- 5.6. Егер Науқанның Финалисті Алматы қаласында тұрмаса, Науқанды Ұйымдастырушы Алматы қаласына келуіне байланысты көлік шығындарын өтемейді.

## **6. Авторлық және пайдалану құқықтары**

- 6.1. Науқанға Қатысушылар өз жұмыстары үшін пайдаланған барлық материал кез келген үшінші тараптардың авторлық және мүліктік құқықтарын бұзбайтынына және үшінші тараптардың өз жұмыстарына қатысты кез келген талаптары байқауға тиісті қатысушыларға жіберілетініне келіседі. Ұйымдастырушы байқауға қатысудан үшінші тараптардың авторлық материалдары заңсыз пайдаланылған кез келген жұмысты алып тастай алады. "Elevate Your Sound. Empowered by Visa" жұмыстарының авторлық құқығы қатысушыларда қалады. Байқауға қатысу үшін жұмысты құру және сату арқылы қатысушылар Ұйымдастырушыға өз жұмыстарын кез келген нысанда молайтуға, түрлендіруге, жариялауға шектеусіз құқық береді.
- 6.2. Науқан Жеңімпазы фото және/немесе бейне түсірілімге қатысуға келісім береді.
- 6.3. Науқан Жеңімпазының жеке басын куәландыратын құжатты бермеуін, фото және бейне материалдарды жариялауға келісімге қол қоймауын Ұйымдастырушы және/немесе Серіктестер қатысудан бас тарту ретінде қарайтын болады.

## **7. Басқа шарттар**

- 7.1. Қатысушының Науқанға қатысу фактісі оның осы Қағидалармен танысуын және осы Қағидаларға сәйкес Науқанға қатысуға келісімін береді.
- 7.2. Науқанды Ұйымдастырушы мен Серіктестер Науқан шарттарын орындау үшін науқанға қатысушы шығындарын және кез келген басқа шығындарды өтемейді.
- 7.3. Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Науқан Қағидалары мен шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Науқан ережелері мен шарттары өзгерген жағдайда Ұйымдастырушы жаңа шарттарды Серіктестердің интернет-ресурсында (<https://www.visa.com.kz/>) және / немесе серіктестердің әлеуметтік желілерінде орналастыру арқылы бұл туралы науқанға қатысушыларды хабардар етеді.
- 7.4. Науқанға Қатысушы ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенін өз бетінше қадағалауы керек.
- 7.5. Егер Қатысушы Науқан шарттарын сақтамаса және/немесе алаяқтық әрекеттер жасаса және/немесе науқан шеңберінде Қатысушыларға берілетін қандай да бір артықшылықтарды және/немесе көтермелеулерді теріс пайдаланса және/немесе Ұйымдастырушыларға жаңылыстыратын немесе дұрыс емес ақпарат берсе, Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Науқанға Қатысушылардың қатарынан кез келген қатысушыны ескертусіз алып тастауға құқылы.
- 7.6. Егер қандай да бір себептермен Науқанның кез келген аспектісі жоспарланғандай жүргізілмесе, оның ішінде рұқсатсыз араласу, бұрмалау, техникалық ақаулар және Ұйымдастырушының бақылауынан тыс, Науқанның өтуін, қауіпсіздігін, адалдығын, тұтастығын немесе тиісті түрде өткізілуін бұрмалайтын немесе оған қатысты себептер болса, Ұйымдастырушы акцияны өткізуді тоқтату, өзгерту немесе тоқтата тұруды өз қалауы бойынша шешеді.

«Elevate Your Sound. Empowered by Visa»

науқанын өткізу Қағидаларына

№1 қосымша

*форма*

Кімге: «7 Rivers Ltd» ЖШС

### ӨТІНІШ

Осы арқылы, мен, \_\_\_\_\_, ЖСН \_\_\_\_\_

- «Elevate Your Sound. Empowered by Visa» науқанын өткізу шарттарымен танысқанымды растаймын. " (бұдан әрі-Науқан), сондай-ақ оның шарттарымен келісемін;

- Науқанға, оның ішінде радио мен теледидарға және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарына қатысу туралы жарнамалық сұхбаттарға қатысуға немесе графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсіруге келісемін, ол үшін менің бейнемді пайдалануға өз келісімімді беремін;

- мен Науқан Ұйымдастырушысы «7 Rivers Ltd» ЖШС қызметкері емес екенімді растаймын.

- мен Серіктестердің қызметкері емес екенімді растаймын;

- жұмысты дайындау үшін пайдаланылған материалдар кез келген үшінші тараптардың авторлық және мүліктік құқықтарын бұзбайтынын растаймын.

- Ұйымдастырушы мен Серіктестерге өз жұмыстарын кез келген нысанда молайтуға, түрлендіруге, жариялауға шектеусіз құқықты беретінімді растаймын.

Науқан Жеңімпазы:

Аты-жөні \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

Күні: